

Хаос ұғымының генезисі және оның болмыссыздық сипаты

Аташ Б.М.

Жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың қазіргі заманғы өзекті мәселелерінің бірі – әлемнің жаратылуы мен құрылуы. Сонымен қатар бұл мәселе діннің де негізгі танымдық қыры. Бұның негізгі және бастапқы түсінігі – Хаос ұғымы. Сондықтан біз алдымен Хаос түсінігін философиялық тұрғыдан сараптауды басшылыққа аламыз.

Хаос ұғымының философиялық аспектідегі мәніне баса назар аударатын болсақ, алғы концептуалдық әдіснама «Хаос дегеніміз не?» деген сауалға тоқталуымыз арқылы оның Бейболмыс ұғымымен тоғысатын тұстарын айғақтауға мүмкіндік аламыз: «ХАОС (греческое chaos), в древнегреческой мифологии и философии – изначальное беспорядочное и бесформенное состояние мира, из которого возникает Порядок, или Космос, во всём его многообразии. В современной физике понятие хаоса введено Л. Больцманом в конце 19 в. на примере так называемого молекулярного хаоса в газе, позднее обобщено П. Эренфестом и Дж.У. Гиббсом. В термодинамике хаос соответствует наиболее неупорядоченному состоянию замкнутой физической системы, к которому она переходит в результате необратимых процессов; это состояние называется тепловым равновесием и характеризуется максимальным значением энтропии»[1,1864б.] .

Бүгінгі заманғы ғылыми-теориялық зерттеулерде хаосты – Бейберекетсіздік және таза бостық түрінде қарастыратын екі түрлі парадигма бар. Біз бірінші нұсқаны негізге ала отырып, зерттеу объектімізге қатысты екінші модельді таңдап аламыз. Осыған байланысты оны материалдық және идеялық түрде қарастыратын көзқарастар бойынша[2,52б.] аналогиялық түрде әлдене мен Бейболмыс ретінде таразылауымызға болады.

Сондықтан Хаос туралы түсініктің даму эволюциясын біз шарты түрде мынадай кезеңдерге бөліп көрсетуімізге болады: мифологиялық хаос, мифохаостың философиялық және алғы ғылыми деңгейі, хаостың креационизмдегі бостық сипаты, хаостың ғылыми жаратылыстық негізделуі, хаостың қазіргі заманғы жаратылыстану тұжырымдамаларындағы философиялық аспектісінің ұсынылуы.

Мифологиялық хаостың генезисі көне дәуірлердегі Египеттік, Вавилондық, Үнділік, Қытайлық және Гректік дүниетанымдардан туындайды. Хаостың мифтік дәуірдегі қызметі – енжар алғы бастау мен белсенді креативтік қуаттылық бойынша нақты екі парадигмаға тоғысады. Көне Вавилондықтар мен ассириялықтардың «Энума элиш» (б.э.б. II-I мыңжылдықтар) туындысында, құдай Мардук алғашқы Хаосты пайдалана отырып, әлемді қалыптастырып шығарғандығын және көне шумерлердің хаосты жаратушылық рөлге қатысты қолданылғандығын атап көрсетуімізге болады[3,11-13б.]. Көне Египеттегі алғашқы хаостың теңіз түріндегі формасынан туындаған әлемнің генезисі туындайды[4,34б.]. Ал көне Үнділік веда мәтіндерінде Хаостың алғашқылығы мен одан кейін әлемнің құрылуы

үшін барлық элементтердің қатынасуы, олардың бейберекетсіздікте болып кейіннен болмыстың алуандығы бойынша дифференциацияланғандығы көрсетіледі[5,286б.]. Осы жаратылу мен пайда болу персонажы, сәйкесінше, көне Қытайлық мифосюжеттерден де көрініс береді[6,221б.]. Ол Қытайлық даосизм ілімімен жалғасын табады. Дао – Хаостан кейінгі, әрі хаостың өзі, әрі Бейболмыс түрінде интеграцияланады. Осы тұста онтологиялық мәселелерді зерделеуші ғалымдарымыз: «Дао дегеніміз – Хаос және керісінше» деп атап көрсеткендей[7,129-148б.] тұжырымдар да осының айғағы.

Көне Грециядағы мифотуындылардың бірі – Гесиодтың «Теогониясында» да Хаос бастапқы мәнді түсіндіру мен космогенездің субстраты ретінде бағаланады[8,20б.]. Космогенездегі мифохаостық субстрат – таза трансценденциялды айқынсыздықты, кейде *әлденеге дейінгі бір нәрсе* екендікті, түп бастаудың ең алғашқысы болып табылатындықты, бейберекетсіздік пен абсолютті болмауды, белсенділік пен бейтараптылықты, әлемнің материалы мен қатысушы жақты т.б. білдіретін көпмәнді Бейболмыстық-болмыстық сипатты нәрсе ретінде тұжырымдалады. Оның ең айқын процесс ретіндегі көрінісі – космогенездегі «хаостан болмысқа ұмтылу тенденциясының» моделіндегі алғашқылық. Дегенмен, мифохаостың бұл қызметі де хронологиялық әрбір дәуір мен әрбір халықтық дүниетанымының архаикалық ойлау стильдерінің спецификасына байланысты болып та құрылады. Мәселен, ежелгі Қытай мифіндегі сюжеттер бойынша, әлемнің алғашқы құрылымы жұмыртқа типтес **ұлы** және **құдыретті** хаостың болуынан бастау алып, ондағы жаратылу принципі бойынша ғарыштық алғашқы субъект – Пань-Гудың туындауы. Ол осы «бітеу» хаоста 18 000 жыл бойы ұйқтап жатып, одан шығудың жолын іздейді, сөйтіп жұмыртқаны жарып, хаостың жойылуына мүмкіндік алады, ғарыштық алып Пань-Гудың әлемді құрушылық қызметі басталып, хаостан тәртіп пен үйлесімділік туындайды. Барлық жылу, жеңіл, құрғақтар жоғары көтеріліп аспанды құраса, қараңғы, ауыр, ылғалдар төменге түсіп жерді қалыптастырады. Жер мен көктің аралығын тіреп тұрған Пань-Гу өсе келе бұл аралық кеңістікті ұлғайтып, ол 18000 жыл бойы тұрып, қайтыс болады. Оның дене мүшелерінің сипатына сәйкес, әлемдегі болмыстың оған ұқсас элементтері пайда болады[9, 35 б.]. Яғни, мифохаостың бұндай прологикалық-мистикалық сюжеттерінен теориялық тұжырымдама туындамағанмен, әдіснамалық жобалар туатындығы сөзсіз. Сондықтан мифтегі Хаостың жалпы концептуалдық деңгейіндегі Бейболмыстық сипаттың көрінісіне тоқталар болсақ:

- Ең түпкі *бастаудың бастауы* түрінде болмыссыздыққа алып келетін Хаосты түрлендірудің фантазмагориясын байыптауымызға болады;
- Хаос – таза Бейболмыстық емес, Бейболмыстың әлденелік, яғни, қазіргі ғылыми жаратылыстану түсініктері бойынша жүйесіздік қызметін атқарады;
- Хаос таза абсолютті бостық түрін иелену үшін – айқынсыздық, белгісіздік, анықталмайтындық, жаратушылық, бастапқылық т.б. қасиеттерді жамай

отыра, материалдық та, рухани да болмыс болып табылмайтын сакральдылық пен ұлылықты құрайды;

- Космогенездің асқақтығы мен трансцендентальдылығын ұлғайту үшін қажетті субъект, әрі тылсымдық парадигмасын орнату үшін қажетті жақ, түпкі болмыстың туындауының субстраты болмыс пен әлдене болмас үшін қажетті мән, құдайлар мен құдай типтес жаратушылар үшін қажетті «материал»;

- Бейболмыстың космогенездегі ең алғашқы туындаған моделі, **бастапқының бастапқысы, ең түпкі бастапқыны** бідіретін субстрат.

- Әрбір мифтегі хаостың түпмәні символдық-образдық түрде құрылған экспликациялау мен мифсіздендіруді қажет ететін тылсым көпқызметті феномен;

Біз Бейболмыстың мифокартинасын жалпылама сараптайтын болғандықтан, ондағы әрбір элементті герменевтикалық тұрғыдан сараптауға ұмтылмаймыз. Ол өз алдына бөлек іргелі туынды болмақ. Мәселен, жоғарыда атап көрсетілген жұмыртқаның космогенездегі Бейболмыстық сипатын байыптасақ, ол – бастапқы өте шағын ядролық бір нүкте нұсқасын білдіреді, жұмыртқаның іші абсолютті бостық, яғни, қазіргі заманғы физикалық Бейболмыс - вакуумды бейнелейді, сайып келгенде, бұл – ұлы бостықтың микрожүйесінен туындаған мегажүйені көрсетеді, Бейболмыстық монизмді ниеттейтін жалпы жобаларды жинақтайды, креативтік қуаттылықтың Ештеден туындауы мүмкін екендігі туралы логиканы тұжырымдауға мүмкіндік береді, хаостың трансцендентальдылығы мен асқақтығын білдіретін эстетизмдік парадигмадағы көріністерден логоцентризмге ұмтылатын бағдарды ашып көрсетеді, мәннің субстрат екендігіне байланысты оны хаосқа жетелейтін онтологиялық жүйені құрастырудың құрылымы мен эволюциясын байыптайды, жаратылу мен космогенездегі «танылмайтын-анықталмайтын» мәселені түпкілікті шешудің айқынсыздығын білдіреді, көпмәнділік арқылы теориялар мен тұжырымдамалардың дифференциациялануының рухани ядросын бекітеді т.б. Дегенмен, осы тұжырымдарымыздың мифохаосты экспликациялаудың бәріне ортақ жоба болып табылатындығын ескерсек, ғылым мен философия, сенім мен діннің даму тарихындағы орнын айғақтай аламыз.

Хаос туралы ұғымның дамуының жоғарыда атап көрсетілгендей, екінші кезеңі көне Грек философиясынан анық көрініс табады. Яғни, мифохаостық космогенезден толықтай ажырамаған ойлау жүйесі оның баламалары мен генетикалық түсініктерін туғызып, хаосты мифтік жазықтықтан ажыратып, жаратылуды түсіндірудің көптүрлі нұсқасын ұсынумен байланысты болып келеді деп бағамдауымызға болады. Демек, философиялық рефлексияның басталуы хаостың мифтік образын қанағат тұта алмады, сондықтан хаос өзінің таза хаостық немесе Бейболмыстық сипатына енуі қажеттігі туындады. Бірақ көне Гректік философия осы тұрғыдан хаостың генетикалық сабақтастығын да кумулятивистік нормада жалғастыра түсті. Мәселен, «Алдымен Хаос пайда болды» деген Гесиодтың тұжырымдамасын қолдаған Аристотель, барлық сезімдік-қабылданатын

нәрселер қандай-ма болмасын «орында» болады, осыған байланысты Гесиод хаосты алдыңғы орынға шығарып дұрыс жасаған дей келе, хаосты кеңістік бойынша қарастырып, оны «орынға» айналдырып, ешнәрсені қажет қылмай өмір сүретін бірден-бір нәрсе ол орын екендігін атап өтеді[10,124б.].

Осы хаос пен орының генетикалық туыстығын немесе баламалық байланысын негіздеген идеяның көріністерін – Фалестегі әлемдік теңізден, Гераклиттің от пен «логосынан», Анаксимандрдың «апейронынан», Анаксагордың «нус» пен «гомеомериясынан», атомистердің бос кеңістік пен атомдар дуализмінен байқауға болады. Бұлар белгілі бір жазықтықта хаосқа карама-қарсы тәрізді болғанмен, алғашқы бастамалық пен айқынсыздық, әлденелік пен болмыс еместік, Бейболмыстық пен түпкілік тұрғысынан алғанда оның логикалық натурфилософиялық деңгейдегі жалғасы деп байыптауымызға болады. Бірінші тараудың бірінші бөлімінде сипаттағанымыздай, көне Грециядағы бұл баламалы түсініктердің бәрі де, оның авторлары болып табылатын ойшылдардың осыған қатысты идеялары да Бейболмыстық танымға келіп тірелетін жалпы бағдарларды құрайды.

Ал Акусилаы хаосты барлық болмыстың бастауы ретінде танып, оны кеңістікке толтырылған суға теңестіреді, Еврипид аспан мен жердің аралығы деп түсінеді, Аристофан бойынша ол Түн мен Тартар, Эребпен қатар алғашқы потенция болып табылатындығы да мифтік персонаждың логикалық сабақтастығына құрылған оның түрлену формаларын білдіреді.

Осыған байланысты кейбір жаратылыстану зерттеушілеріміз атап көрсетіп жүргендей, көне грециялық философияда хаос бойынша екі түрлі тұжырымдама ұсынылады, біріншісі – оны бос немесе бір нәрсемен толтырылған физикалық кеңістік ретінде таныса, екіншісі – әлемдік өмірдің негізі болып табылатын тірі және тіршілік тудыратын[11,242б.]. Демек, хаостың бұл кезеңге тән Бейболмыстық қырларына тоқталар болсақ:

- Алғашқылық ретінде қалыптасу принципінің орталық түсінігін құрайды.
- Бәрінің хаостық құрсаудан (Ештеңеден) босануына мүмкіндік береді.
- Болмыстық дүниенің бәрін жазатын-ашатын кеңейтетін қуатты белсенділік.
- Болмыс пен дүниенің тұтастай «тығылатын» немесе оны өзінде сақтайтын «ұлы қоры».
- Космогенез жазықтығындағы жаратылу актісі мен құдай қызметінде қатар қолданылатын атрибут.

- Рухани, материалдық – болмыстық және «өзге болмыс-Бейболмыстық» сипаттарда да қатар бейнелене алатын әмбебап ең түпкі концептуалдылық т.б

Хаос түсінігінің эволюциясының үшінші кезеңіне тоқталар болсақ, Хаостың креационизмдегі бостық сипатына тоқталамыз да, Хаос пен Ештеңе мәселелері бойынша космогенездегі креационизм қағидаларының байланысын сараптауға мүмкіндік аламыз. Әлемнің Ештеңеден жаратылғандығы туралы түсінік, шындығында, мифохаос кезеңдерімен жарыспалы түрде «көне өсиеттерде» ұсынылды: «Земля же была безвидна и пуста, и тьма над бездною, и дух божий носился над водою»[12,1б.]. Хаостың осы діни түсініктердегі Ештеңелік, бостық сипатының жалғастығы алғы ғылыми, діни, философиялық деңгейлердің жалпы тұтас сабақтастық

жазықтығын айғақтай отыра, Бейболмыстың – қай дәуір үшін де маңызды объект болғандығын білдіреді. Бірақ ол жоғарыда атап көрсетілгендей, түрлі нұсқаларда сақтала отыра, өзінің таза Бейболмыстық қасиетінен алшақтап кете қойған жоқ.

Демек, Хаос құдайларды да тудыратын ең алғашқы мән, жүйесіздік пен қараңғылықтың бастауы. Бірақ ол таза енжар Бейболмыстық түрінде емес, құдайлар әлемі мен «болмыстан алғашқы» түпбастамалылық, прасубстанция, болмыстан бұрынғылық (протоболмыстық). Олай болса, мифтегі Бейболмыс болып табылатын Хаостың тарихи-танымдық мәнін былай атап көрсетуімізге болады:

- Космогенез бен теогенездің алғышарты және шикізаты. Хаос алғашқы қажетті, маңызды буын ретінде жаратылу актісіндегі қатысушы субъект, әрі объект;
- Болмыстың ең түпкі негізі бойынша алғашқыны іздеудегі табылған компенсациялық мән. Яғни, танымдағы психологиялық қиналыстың орнын толтыратын және оны барынша қанағаттандырып тұрған әлдене;
- Бейболмыс ұғымына мазмұны генетикалық тұрғыдан жақын, формасы – жаратылу және жарату функциясы. Бұл тұста ол космологиялық деңгейде маңызды қызмет атқарып тұр – бастапқы «жоқты» «бар» қылу;
- Бейболмыстың космологиялық нұсқасы (варианты) туралы түсінікке рационалдылық тұрғыдан келудің алғашқы көрінісі. Хаос пен Бейболмысты парасатты және логикалық түрде байланыстыру;
- Космогенез туралы протосциентизмдік Хаос қалпын айғақтайды. Бейболмыстың бастапқы екендігі туралы идеяны қозғай отыра, қазіргі жаратылыстану ғылымдарында да Хаос осы мағынаға жақын қолданылып жүргендігі туралы ойға жетелейді;
- Креационизмдегі «жоқтан жаратылған дүние» туралы ілімдердің әдіснамалық субстраты. Яғни, бұл тұжырым кейіннен теологиядағы космогенез туралы ілімнің туындауына негіз болған бастапқы жоба деп пайымдауымызға болады;
- Пассивті ғарыштық-болмыстық реттеушілік (космоонторегулятивтік-компенсаторлық) қызмет атқарушы. Бұны былай ашып көрсетуге болады:

Мәселен, Хаостан жаратылған құдайлар патшалығы – соғыс пен жойылудың қиратылған (деструктивтік) әлемі, сәйкесінше, қайтадан пайда болудың реконструктивизмі. Биологиялық табиғи сұрыпталуға аналогиялық түрде бұл процестер – космологиялық-онтологиялық сұрыпталуды туғызған. Ғарыш өзінің заңдылықтары бойынша өмір сүруге тиісті еместерді жойып, қажеттілерін сақтауды көркемдік-образдық түрде бейнеленген құдайлардың бәсекелестігі мен күресі арқылы білдіреді. Бұл теогенездік процесс, сайып келгенде, әлемнің таңдау мен эксперимент арқылы кемелденуі болып табылады. Яғни, мифтік құдайлар әлеміндегі бірін-бірі «өлтіру» эмоционалды жауыздықтан гөрі, рационалды онтологиялық реттеушілік

немесе жай ғана «жойылу» құбылысы. «Ғарыштың түзілу кезінде оған қажетсіз құдайлар алынып тасталған» деген парасатты түйін туындайды. Сәйкесінше, құдайлардың «туу» мен «жаратылу» процесі бұл тұста эмоционалды қабылдау объектісі ғана емес, әлем құрылымын толықтыру, ғарышты қайта жасақтау (реконструкция). Демек, «жойылу» мен «жаратылу» құбылыстары ғарыштың пайда болуындағы *тәжірибелік алаңдағы* еркін әрекеттер деп пайымдауымызға болады.

Хаос – жарататын және жоя алатын (өзіне қабылдайтын) белгісіз-анықталмайтын аймақ ретінде танылған болса, оның ғарыш пен кейінгі дәуірге дайындалған болмысты реттеушілік-толықтырушылық қызметін осылай дәйектеуге болады. Бірақ Хаос белсенді емес, бұл тұстағы «жаратылу» – оның ішкі себебінен өздігінен туындайтын эндогенді фактор, «жойылу» - сырттан әсер етуге құрылған экзогенді фактор, мәселен, құдайлардың бірін-бірі өлтіруі арқылы іске асады. Көне Грециядағы Хаостық түсініктің осындай пассивті тудырушылығын және жаратушылығын «архе» ұғымы реттейді. Яғни, космогенездегі әлем үшін белсенді емес Хаосқа тағы бір белсенді бастапқы нәрсенің қатынасуы қажет болып шығады. Нәтижесінде, «архенің» белсенділігі арқылы Хаостан дүние жаратылады.

Бастапқы Хаос туралы түсінігімізді әрі қарай сараптай түссек, әрқилы мифтер мен түрлі дүниеге көзқарастарды да шолып өтуге тиіспіз. Көне Үнділік ведалық текстер мифтік-діни конструкция бойынша құрылғанмен, философияланған ой болып табылатындығы түсінікті. Б.э.б. 15-20 ғасырларда жазылған осы туынды сенім мен құдайлық поэтикаға негізделіп, теоцентрлік политеизмді сипаттайды. Соның ішінде Ригведадағы космогониялық гимнде жырланғандай: «бастапқыда қараңғылық қараңғылықпен бүркемеленген, күн мен түннің айырмашылығы болмаған, өлім де, өлімсіздік те жоқ, алғашқы қараңғы бостық негізгі мән болып табылады. ...Нағыз емес жоқ еді, ол кезде нағыз да жоқ еді» (Ригведа. Мандалы IX-X., 1999.-с. 163),-деп байыпталған толғау да қандай-да бір «бастапқылық» туралы идеяны қуаттайды. Осы мәтінге сүйене отырып, мифтік Хаостың ортақ қызметін және тағы бір нұсқасын ашып көрсетуімізге болады.

Бұндағы космогенез идеясы қазіргі жаратылыстанудағы хаостан пайда болған дүние жөніндегі парадигмамен тоғысатындығын аңғаруымызға болады. Бұл – алғашқылық пен космогенездің басталуының сипаты, психологиялық: үрей мен қобалжу, эстетикалық: асқақтық пен үйлесімділік, логикалық: өрлеу мен пайда болу, теологиялық: жаратылу мен жарату, аксиологиялық: болу мен болмау принциптерін қайталайды. Бейболмыстық «сапаның» алғашқы бостықпен сәйкестенген және дәйектелген хаостық тұжырымдамасын береді. Алғашқы бостық туралы мифология бұл тұста антиэмоционалды, антирационалды, хаостық архаикалық ойлаудың әдіснамасы бойынша жүргізілген. Мәселен, «өлімсіздік пен өлімнің болмайтындығын» атап көрсету сезімнің қатыспайтындығын, «нағыз бен нағыз еместің болмауы» парасаттылықпен байыптауға үндеспейтіндікті, бірақ Хаос туралы пайымдаудың логикасына бағынатындықты көрсетеді.

Хаостық түсінік материалды әлемнің жаратылуының алғышартындағы «бостық» ретінде сақталып келе, «қараңғылық» арқылы Ештеңені сипаттауға бағытталады. Ештеңенің алғы, бастапқы және бірден-бір «көріну» формасы *қараңғылық*. Жарық қараңғылықтың антиподы, әлдене, әлденеге алғышарт, қараңғылық - Ештеңенің алғышарты ғана емес, Ештеңенің өзі, Бейболмыстың өзінтануы мен оны адамның оны тануының бастапқы сатысы және мүмкіндігінше «жетістігі» болып табылады. Демек, Ештеңені «бос қараңғылық» ретінде пайымдау оны сананың барынша толық түйсінуді деп ұғынуымызға болады.

Мифтік хаостың архе субстраттығы туралы осындай идея – әлемнің көптеген халықтары мен ұлттарында олардың пайда болу кезеңдері мен миф тудырушылық сананың дүниетанымына байланысты көптүрлі деңгейде ұсынылып, көп қызметті форманы құрап, алғашқы **белгісіз-айқындалмайтын бастау** мазмұнына тоғысады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Современный Энциклопедический словарь. Изд. "Большая Российская Энциклопедия", 1997 г. OCR Палек, 1998 г.(с.1864)
2. Бектасова Г. С. Философско-методологический анализ проблемы хаоса в синергетике.09.00.08-философия науки и техники. дисс.канд.филос. наук.РК, Алматы,2007.-140 (с.52)
3. Муравьева Т.В. Сто великих мифов и легенд.-Москва: Вече, 2004.-480 с (с.11-13).
4. Муравьева Т.В. Сто великих мифов и легенд.-Москва: Вече, 2004.-480 с (с.34)
5. Ригведа. Мандалы IX-X.-Москва: Наука, 1999. С.286
6. Яншина Э.М. Формирование и развитие древнекитайской мифологии.- Москва: Наука,1984.-248 с.(с.221)
7. Хамидов А.А.Философия востока и философия запада:к определению мировоззренческой валидности//Вопросы философий.-2002.-№3.С.129-148
8. Парнюк А.П., Лазаренко Б.П., Причепий Е.Н. Категории «Закон» и «Хаос». Киев: Наукова думка, 1987.-292 с.(с.20)
9. История философии: Учеб. пособие для вузов/ А.Н. Волкова, В.С. Горнев, Р.Н. Данильченко и др.; Под ред. В.М. Мапельман и Е.М. Пенькова. - М.: «Издательство ПРИОР», 1997. - 464 с. (с.35).
- 10.Аристотель. Соч. Т.3.-Москва: Мысль, 1981.-614 с. (с.124)
- 11.Концепция современного естествознания: Хрестоматия. 2-е изд., испр./Сост. З.А.Мукашев.-Алматы: Аркаим, 2002.-362 с. (с.242)
- 12.Библия. Книги Священного Писания Ветхого и Нового Завета.-Москва: Российское Библейское общество,1993.-1371 с. (с.1)

Kosmogogenesis Myths and chaos are analysed In article. Mifohaos as археобраз, протобытия is compared with Nonexistence. The Author draws a conclusion, chaos and Nonexistences as world has nature. Eksplikaciya notions of the chaos matches with not existence and is a Nonexistence.

1. Аты-жөні: Аташ Берік Мұратұлы
2. Жұмыс орны: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, философия, саясаттану және әлеуметтану кафедрасы
3. Қызметі: Аға ғылыми қызметкер
4. Ғылыми дәрежесі мен атағы: Философия ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы
5. Мақаланың тақырыбы: Хаос ұғымының генезисі және оның болмыссыздық сипаты
6. Сериясы: философия (онтология)
7. Почталық, Электрондық мекен-жайы: Алматы қаласы, Ауезов көшесі – 99, кв 49
8. Байланыс телефондары:
Ұялы: 8701 577 81 46
9. E-mail: **ataash_berik@mail.ru**